

**Нұр-Сұлтан қаласы № 85 мектеп-лицейі**  
**Тамақтану сапасының мониторингі комиссия отырысының**  
**№ 1 Хаттамасы**

**Күн тәртібінде:**

**05.09.2022**

1. № 85 мектеп-лицейінің тамақтану сапасының мониторингі комиссия асхананы тексерудегі жұмысын қарастыру.
2. 2022-2023 оқу жылындағы бракераждық комиссиясының жылдық жұмыс жоспарын бекіту.
3. Комиссия мүшелерінің міндеттерін тағайындау. Оның ішінде комиссия мүшелерімен кезекшілік кестесін құрастыру.

**Қатысқандар:**

1. Мектеп – лицей директоры: М.Казиева
2. Директордың бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Тулеева
3. Әлеуметтік педагог Л.Башеева
4. Бас есепші : С.Жандильдина
5. Медбике
6. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Абилкасимов
7. Бракераждық комиссияның мүшелері:
8. Жумажанова Анастасия Валерьевна
9. Ширинбаева Айгерим Нуржанбековна
10. Токтасин Асет Балтабаевич
11. Бекетаева Гульден Талгатовна
12. Кадырова Асем Амангельдыевна
13. Енсабаева Гульнур Алпысбаевна
14. Калиева Гульжихан Мукашевна
15. Иманғалиева Гульназ Сабитовна
16. Саликов Жанболат Дауылбаевич
17. Исаева Алия Уалиевна
18. Махметова Айгерим Бауыржановна

Тыңдалды:

М.Казиева – мектеп-лицей директоры

Біз тамақтану сапасының мониторингі комиссия асхананы тексерудегі жұмысын қарастыруға жиналып отырмыз. Осы жұмыс жөнінде айтып қосарларыңыз болса, сөйлесеніздер.

**Сөйлегендер:**

1. А.Тулеева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.  
Мектепалды және 1-4 сыныптар және мүгедек, жетім оқушылар жергілікті бюджет қаражаты есебінен тегін тамақтанады және материалдық көмек көрсетіледі. Тамақтану кестесі ауысым бойынша жасалынып, сынып жетекшілер тамақтану уақытында өз сыныптармен асханаға барады, осы асханадағы жұмысты бракераждық комиссия құрылды. Комиссия мүшелері өздерінің жұмыстарын дұрыс деңгейде тексерілсе және балалардың денсаулығын өздерінің қолдарында.

Л.Башеева – әлеуметтік педагог

2022-2023 оқу жылындағы 1-11 сыныптар бойынша өтініш берген ата-ана 97 оқушы. Оның ішінде тамақтанудан бас тартқан Есенғали Шамиль, Жұмағұл Амирхан, Болат Әлинұр.

Бұл ата-аналардан тиіс ті керекті құжаттар жиналды. Осы 97 ата-ананың өтінішін қарастыра отырып 5-11 сыны аралығында 61 оқушы тегін ыстық тамақтанумен қамтылды. Жалпы бастауыш сыныптар 1-4 сыныптардың оқушылары толық ыстық тамақтанумен қамтылған.

Бракераждық комиссия мүшелерінің міндеттерімен таныстырып өтіп кетейі және мектептегі ас мәзірімен танысып, бракераждық комиссия мүшелері арасында кезекшілік кестесін орнатып. Сол бойынша апта сайын келіп асхананы тексеріп отырсаңыздар.

2 мәселе бойынша әлеуметтік педагог Л.Башеева 2022-2023 оқу жылындағы бракераждық комиссиясының жылдық жұмыс жоспарын бекіту жөнінде айтып өтті.

3 мәселе бойынша комиссия мүшелерінің міндеттерін тағайындалуы жөнінде айтылды.

Бракераждық комиссия мүшесі Исаева Алия Уалиевна және Ширинбаева Айгерим Нуржанбековна сөз алды.

- Біз ата-ана ретінде білеміз кейбір ас мәзіріндегі тамақтарды балалар мүлдем жегісі келмейді, мысалы, қуырылған қырық қабат, балық котлеті, жасыл бұршақ ботқасын жемейді. Сондай тамақтарды басқа бала жейтін тамақтармен ауыстырса.
- Кезекшілік кестесін жасап тексеріп отырсақ.

#### **Шешімі:**

1. Бракераждық комиссиясының асхананы тексерудегі кестесі құралып, бекітілсін.
2. Асхананың санитарлы-гигиеналық тазалығы тексерілсін.
3. 1-4 сынып оқушыларының тамақтың құндылығы мен нормасы тексеріліп отырсын.
4. Астың әзірлеу технологиясын, азық-түлектің салынуы қадағалансын.
5. Азық-түліктің қолданудың мерзімі тексерілсін.
6. Ата-аналармен жұмыс жүргізілсін.
7. Аз қамтылған және жетім балалардың құжаттары тексеріліп, тегін тамақтансын.
8. Ас мәзіріндегі кейбір тамақты басқамен ауыстырылуы жөнінде қарастырайық әлі де.
9. Комиссия мүшелерінің жүргізілген жұмысы жөнінде есебі берілсін.
10. Осы қаулының орындалуы әлеуметтік педагог Л.Башееваға жүктелсін.

Хатшы



Л.Башеева